

## ЖОБА

### 2021-2023 жылдарға арналған Қарабұлақ ауылдық округ бюджетін бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 9-1 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына сәйкес, Алға аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 2021-2023 жылдарға арналған Қарабұлақ ауылдық округ бюджеті 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2021 жылға мына көлемде бекітілсін:

1) кірістер—17 635 мың теңге; оның ішінде:  
салықтық түсімдер –1 422мың теңге;  
салықтық емес түсімдер-0 мың теңге;  
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер -0 мың теңге;  
трансферттер түсімдері - 16 213 мың теңге;

2) шығындар –17 635 мың теңге;  
3) таза бюджеттік кредит беру – 0 мың теңге;  
оның ішінде:

бюджеттік кредиттер - 0 мың теңге;  
бюджеттік кредиттерді өтеу - 0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо - 0 мың теңге, оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу - 0 мың теңге;  
мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер-0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы(профициті) - 0 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру(профицитін пайдалану) -0 мың теңге;

қарыздар түсімі-0 мың теңге;  
қарыздарды өтеу-0 мың теңге;  
бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары-0 мың теңге;

2. Қарабұлақ ауылдық округінің бюджеттің кірісіне есептелетін болып ескерілсін:

мүлікке салынатын салықтар;

жер салығы;

көлік құралдарына салық;

3.Қазақстан Республикасының «2021-2023 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заңының 9 бабына сәйкес белгіленгені еске және басшылыққа алынсын:

2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап:

1) жалақының ең төмен мөлшері – 42500 теңге;

2) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын,

салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш - 2 917 теңге;

3) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы – 34302 теңге.

4. 2021 жылға арналған ауылдық округ бюджетіне берілген субвенция көлемі – 16 213 мың теңге сомасында көзделді.

5. «Алға аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді оны ресми жариялағаннан кейін Алға аудандық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

6. Осы шешім 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

**Аудандық мәслихатының  
сессия төрағасы  
М. Муратбаев**

**Аудандық  
мәслихат хатшысы  
Б. Жұмабаев**